Қазіргі таңда ЛИА-ны қайта өндеудің пирометаллургиялық, гидро-металлургиялық және тікелей регенерация әдістері кеңінен зерттелуде. Пирометаллургия металдарды қорытпа түрінде бөліп алуға мүмкіндік берсе, гидрометаллургия жоғары тазалықтағы иондық ерітінділер алуға бағытталған. Бұл ерітінділерден кобальт, никель, литий және басқа металдар электролиз немесе химиялық тұндыру арқылы бөлініп, жаңа материалдар синтездеуге қолданылады. Соңғы зерттеулер пайдаланылған ЛИА-дан алынған прекурсорлар негізінде LiCoO_2 , $\text{LiNi}_{1/3}\text{Co}_{1/3}\text{Mn}_{1/3}\text{O}_2$, LiFePO_4/C сияқты катод материалдарын қайта синтездеудің жоғары тиімділігін көрсетті.

Алайда қайта өндеу саласы бірқатар қиындықтарға тап: аккумуляторлардың конструкциялық әртүрлілігі, модульдердің күрделі құрастырылуы, материалдардың араласуы, стандарттардың болмауы және қауіпсіздік мәселелері. Сонымен қатар, кобальтсыз катод материалдарының дамуы кейбір дәстүрлі қайта өндеу әдістерінің экономикалық тиімділігін төмендетуі мүмкін. Болашақта ЛИА-ны қайта өндеу жүйесін жетілдіру үшін аккумуляторларды сұрыптау мен таңбалауды стандарттау, қайта өндеуге ыңғайлы дизайн жасау, заңнамалық базаны күшейту және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу қажет. Тиімді қайта өндеу жүйесін құру ресурстарды үнемдеуге, экологиялық жүктемені азайтуға және айналмалы экономика қағидаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: литий-ионды аккумуляторлар, электролиттер, қайта өндеу технологиялары, қалдықтарды басқару, парниктік газдар шығарындылары (GHG)

©Кемелбекова А.^{1,2*}, Шонғалова А.^{1,2}, Бондарь Е.¹, Отунчи Е.¹, 2026.

¹Физико-технический институт, Satbayev University, Алматы, Казахстан;

²The Pennsylvania State University, Стейт колледж, Соединенные Штаты Америки.

*E-mail: a.kemelbekova@satbayev.university

ТЕХНОЛОГИИ ПЕРЕРАБОТКИ ОТРАБОТАННЫХ ЛИТИЙ-ИОННЫХ АККУМУЛЯТОРОВ: ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ, ПОЛУЧАЕМЫЕ ПРОДУКТЫ И БУДУЩИЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ

Кемелбекова Айнагуль — PhD, старший научный сотрудник, Физико-технический институт, Satbayev University, Алматы, Казахстан; The Pennsylvania State University, Стейт колледж, Соединенные Штаты Америки,

E-mail: a.kemelbekova@satbayev.university, <https://orcid.org/0000-0003-4813-8490>;

Шонғалова Айгуль — PhD, старший научный сотрудник, Физико-технический институт, Satbayev University, Алматы, Казахстан; The Pennsylvania State University, Стейт колледж, Соединенные Штаты Америки,

E-mail: shongalova.aigul@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-7352-9007>;

Бондарь Екатерина — PhD, старший научный сотрудник, Физико-технический институт, Satbayev University, Алматы, Казахстан,

E-mail: katebondar111@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-6745-5462>;

Отунчи Еділ — магистр технических наук, инженер, Физико-технический институт, Satbayev University, Алматы, Казахстан,

E-mail: e.otunchi@satbayev.university, <https://orcid.org/0009-0006-4361-8099>.

Аннотация. Широкое распространение литий-ионных аккумуляторов (ЛИА), особенно в условиях стремительного развития индустрии электрического транспорта, в ближайшие годы приведёт к значительному увеличению объёмов образующихся отработанных аккумуляторов. Неправильная утилизация ЛИА может стать причиной загрязнения окружающей среды, накопления тяжёлых металлов и нерационального использования ценных ресурсов. Коммерческие литий-ионные аккумуляторы содержат литий, кобальт, никель, марганец, медь, алюминий и другие ценные металлы, а также горючие органические электролиты и фторсодержащие соли, что существенно усложняет процессы их безопасной переработки. В настоящее время активно развиваются пирометаллургические, гидрометаллургические методы и технологии прямой регенерации материалов ЛИА. Пирометаллургический подход позволяет извлекать металлы в виде сплавов, тогда как гидрометаллургические процессы обеспечивают получение высокочистых ионных растворов. Из таких растворов кобальт, никель, литий и другие металлы могут быть выделены методом химического осаждения или электролиза и использованы для синтеза новых функциональных материалов. Результаты современных исследований свидетельствуют о высокой эффективности повторного синтеза катодных материалов, включая LiCoO_2 , $\text{LiNi}_{1/3}\text{Co}_{1/3}\text{Mn}_{1/3}\text{O}_2$ и LiFePO_4/C , на основе прекурсоров, полученных из отработанных аккумуляторов. Несмотря на достигнутый прогресс, отрасль переработки ЛИА сталкивается с рядом проблем, среди которых конструкционное разнообразие аккумуляторов, сложность демонтажа модульных систем, смешение различных материалов,

недостаточная стандартизация и вопросы безопасности. Кроме того, переход к катодным материалам с пониженным содержанием кобальта может снизить экономическую эффективность традиционных технологий переработки. В перспективе развитие отрасли требует стандартизации систем маркировки и сортировки аккумуляторов, проектирования конструкций, ориентированных на последующую переработку, совершенствования нормативно-правовой базы и внедрения экологически безопасных технологий. Создание эффективной системы переработки литий-ионных аккумуляторов позволит обеспечить рациональное использование ресурсов, снизить экологическую нагрузку и будет способствовать реализации принципов циркулярной экономики.

Ключевые слова: литий-ионные батареи, электролиты, технологии переработки, управление отходами, выбросы парниковых газов (GHG)

Кіріспе. Электр көлігі индустриясының қарқынды дамуына байланысты литий-ионды аккумуляторларға деген сұраныс үздіксіз өсіп келеді. Соның нәтижесінде жақын болашақта үлкен көлемдегі литий-ионды аккумуляторлар қызмет ету мерзімін аяқтап, кәдеге жарату мәселелерін күрделендіріп, қоршаған орта мен энергия үнемдеуге айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Қазіргі коммерциялық литий-ионды аккумуляторлар құрамында ауыспалы валентті металл оксидтері немесе фосфаттар, алюминий, мыс, графит, зиянды литий тұздары бар органикалық электролиттер, полимерлі сепараторлар және пластик немесе металл корпусстар болады (Aaltonen et al., 2017). Пайдаланылған литий-ионды аккумуляторларды дұрыс кәдеге жаратпау қоршаған ортаның ластануына және бағалы ресурстардың ысырап болуына әкелуі ықтимал. Сондықтан соңғы жылдары мұндай аккумуляторларды қайта өңдеу мәселесіне назар арта бастады. Алайда энергия тығыздығы жоғары, қауіпсіздігі арттырылған және бағасы қолжетімді литий-ионды аккумуляторларға деген сұранысқа байланысты олардың материалдық құрамы үнемі өзгеріп, әртараптанып отырады. Бұл жағдай пайдаланылған аккумуляторларды қайта өңдеу процесін күрделендіреді.

Бұл мақалада пайдаланылған литий-ионды аккумуляторларды қайта өңдеу саласындағы соңғы жетістіктерге шолу беріледі: қайта өңдеу процестерінің дамуы, қайта өңдеу нәтижесінде алынатын өнімдер және қайта өңдеудің экологияға әсері қарастырылады.


Соңғы бірнеше жылда энергия тығыздығы мен қуат шығару мүмкіндігі жоғары жаңа электрод материалдарының дамуына байланысты ЛИА қолдану аясы электр көліктеріне (ЭК) дейін кеңейді (Shakoor et al., 2023, Wang et al., 2022, Kaaya et al., 2022). ЭК нарығы енді ғана қарқын алып келе жатқанын және ЭК аккумуляторларының қызмет ету мерзімі ТЭ-де қолданылатын аккумуляторларға қарағанда ұзағырақ болатынын ескерсек, алдағы бірнеше жылда ЭК-ден шыққан жарамсыз ЛИА көлемі аса күрделі кәдеге жарату мәселесін туындатпауы мүмкін (Corbus et al., 1995, Rantho, 2017). Алайда ЭК-ден жаппай шығарылатын пайдаланылған ЛИА-ның ресурс үнемдеу мен қоршаған ортаны қорғауға әсерін алдын ала болжауымыз қажет және оларды басқару үшін қандай шараларды қазірден бастап қабылдау керектігін түсіну маңызды.

ЛИА катодтан, анодтан, сепаратордан, электролиттен, сыртқы қаптамадан және тығыздағыш бөлшектерден тұрады. Қазіргі коммерциялық ЛИА-ларда катод материалы ретінде әртүрлі литий-құрамды оксидтер мен фосфаттар қолданылады: LiCoO_2 , LiMn_2O_4 , LiFePO_4 , $\text{LiNi}_{1-x-y}\text{Co}_x\text{Mn}_y\text{O}_2$ (NCM) және зерттеу нәтижелері бойынша катод материалдары нарығының жартысынан астамын LiCoO_2 және $\text{LiNi}_{0.33}\text{Co}_{0.33}\text{Mn}_{0.33}\text{O}_2$ құраған, ал олардың құрамында қауіпті ауыр металл – кобальт бар (Tong et al., 2019).

Сонымен қатар, органикалық электролиттерде жанғыш органикалық еріткіштер мен фтор-құрамды литий тұздары сияқты зиянды заттар болады (Idrees et al., 2019). Сондықтан ЛИА-ны тұрмыстық қоқысқа тікелей тастау ауыр экологиялық ластануға әкеледі. Бұдан бөлек, ЛИА құрамында Li, Co, Ni, Cu, Al сияқты жоғары құнды металдар бар. Олардың ішінде Co мен Li сирек кездеседі және салыстырмалы түрде қымбат, ал олардың ЛИА-дағы мөлшері тиісінше 5–15 wt.% және 2–7 wt.% құрайды, бұл табиғи кендердегі мөлшерден әлдеқайда жоғары (Labbé et al., 2012, Vega-Muratalla et al., 2024).

Осы айтылғандарға сүйене отырып, пайдаланылған ЛИА-ны қайта өңдеу аса маңызды, және толыққанды қайта өңдеу жүйесін құру үшін тиісті технологиялар мен нормативтік талаптар әзірленуі қажет. Шын мәнінде, қорғасын-қышқылды аккумуляторларды қайта өңдеу жүйесі жақсы жолға қойылған және ол белгілі бір тәжірибе мен бағыт-бағдар бере алады. Мысалы, АҚШ-та қорғасын-қышқылды аккумуляторлардың шамамен 99% қайта өңделеді, бұл тіпті шиналар, қағаз, алюминий банкілері, әйнек сияқты күнделікті қалдықтардың кез келген түрінен жоғары көрсеткіш болып табылады (Thompson et al., 2020). Алайда қорғасын-қышқылды аккумуляторлар мен ЛИА құрамдық жағынан айтарлықтай ерекшеленеді. Біріншісінде аккумулятор массасының ~60%-ы қорғасыннан тұрады және оны бөлшектегеннен кейін басқа компоненттерден оңай ажыратуға болады (Pillot, 2017). Ал ЛИА-да қолданылатын материалдардың әртүрлілігі қайта өңдеу процесін әлдеқайда күрделендіреді.

Литий-ионды аккумулятордың (1-сурет) өмірлік циклі пайдаланылған ЛИА-ны кәдеге жаратуға күрделілікті айқындайды, себебі қайта қолдану, қайта өндірілген материалдарды батареяларда пайдалану, сондай-ақ катодты стехиометриялық қоспалар арқылы батарея сапасындағы материал ретінде қайта өңдеуге дейінгі регенерация сияқты аралық бағыттар бар. ЛИА өндірісі мен оларды қайта өңдеуге қатысты егжей-тегжейлі экологиялық бағалау жүргізіліп, қоршаған ортаға ең көп зиян келтіретін және парниктік газдар шығарындыларына ең көп үлес қосатын нақты технологиялық операцияларды анықтау қажеттілігі көрсетілді.



Сурет 1. Литий-ионды аккумулятордың өмірлік циклі.

Зерттеу материалдары. Зерттеу нысаны ретінде литий-ионды аккумуляторлардың (LIBs) әртүрлі катодтық материалдары қарастырылды. Қазіргі уақытта кеңінен қолданылатын катодтық материалдарға литий-темір-фосфат (LFP), литий-никель-марганец-кобальт оксиді (NMC), литий-марганец оксиді (LMO) және литий-кобальт оксиді (LCO) жатады. Бұл материалдар аккумуляторлардың электрохимиялық сипаттамаларын анықтап қана қоймай, олардың өндірісі мен қайта өңдеу процестерінің қоршаған ортаға әсеріне де ықпал етеді. Литий-ионды аккумуляторларды (LIBs) өндіру барысында суресурстарының ластануы, атмосфераға зиянды заттардың шығарылуы, сондай-ақ қатты қалдықтардың түзілуі орын алуы мүмкін, бұл адам денсаулығына да, қоршаған ортаға да айтарлықтай зиян келтіреді. Мұндай аккумуляторларға сұраныстың тұрақты өсуіне байланысты олардың өндірісімен байланысты парниктік газдар (GHG) шығарындылары маңызды экологиялық мәселе ретінде қарастырылуда. Жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша (Lin et al., 2020) кеңінен қолданылатын үш түрлі катод материалдары үшін GHG шығарындылары бағаланған. Олардың мәліметтері бойынша, 28 кВт·сағ сыйымдылығы бар LFP, NMC және LMO катодты аккумуляторларын өндіру кезінде тиісінше 3061 кг CO₂-экв, 2912 кг CO₂-экв, және 2705 кг CO₂-экв парниктік газдары бөлінеді. Экономикалық тұрғыдан тиімді және кең таралғанына қарамастан, LCO катодтары жалпы GHG шығарындыларының шамамен 80% құрайды.

Өндіріс барысында бөлінетін газдардың құрамы шамамен: 40% көміртек тотығы (CO), 20% көмірқышқыл газы (CO₂), 30% сутек (H₂), сондай-ақ <3% сутек фториді (HF) және шамамен 7% көмірсутектерден тұрады. Келесі 1 – кестеде әлемнің әртүрлі елдерінде орналасқан компаниялардың қолданыстағы коммерциялық қайта өңдеу технологияларын және олардың қайта өңдейтін батарея түрлерін, сондай-ақ алынатын соңғы өнімдерді салыстырмалы түрде шолу жасалған.

Кесте 1. Коммерциялық процесс және батареяларды қайта өңдеумен айналысатын компаниялар.

Процесс	Компания (Атауы және Орналасқан Жері)	Шикізат	Нәтиже	Сілтеме
Гидро-металлургия	IPGNA Ent. (Recupyl), Франция	Батареялардың барлық түрі	LiCoO ₂ және Co(OH) ₂	Ellis, Mirza (2011)
	Sumitomo-Sony, Жапония	ЛИА	Co(OH) ₂	Saloojee, Lloyd (2015)
	Тохсо, Канада	Li, Ni-негізіндегі батареялар	LiCoO ₂	Saloojee, Lloyd (2015)
Пиро-металлургия	Eurodieuze, Франция	Батареялардың барлық түрі	Ni, Cd және болат	Kushnir (2015)
	Zimaval, Франция	Zn, Mn, Hg негізіндегі батареялар	Zn және Mn	Ellis, Mirza (2011)
	Dowa, Жапония	Батареялардың барлық түрі	Ni, Co	Ellis, Mirza (2011)
	Umicore, Бельгия	ЛИА және Ni-MH	Co және Ni	Saloojee, Lloyd (2015)
	Nippon Recycling center, Жапония	Ni-Cd, Ni-MH, ЛИА	Ni, Co, Cd, Al, Cu	Ellis, Mirza (2011)
	INMETCO, АҚШ	Ni - Cd	Cd, Ni, Zn	Saloojee, Lloyd (2015)
Пиро-гидро-металлургия	Glencore Plc., Швейцария	ЛИА және электр көліктері	Cu, Ni, Zn, Li	Saloojee, Lloyd (2015)

Әлемнің көптеген елдерінде аккумуляторларды қайта өңдеумен айналысатын лицензияланған кәсіпорындар жұмыс істейді. Литий-ионды батареяларды (LIBs) қайта өңдеуге маманданған негізгі компанияларға Accures, Umicore, Batrec AG, Sony-Sumitomo, Тохсо және басқа да фирмалар жатады. Өнеркәсіптік және зертханалық деңгейде батареяларды қайта өңдеудің басты мақсаты кобальт, литий, никель және марганец сияқты металдарды қалпына келтіру. Литий-ионды аккумуляторларды қайта өңдеу Ni-Cd және Ni-Mn батареяларына қарағанда әлдеқайда кең таралған (Ellis et.al., 2011).

LIBs құрамындағы жетілдірілген химиялық жүйелер қайта өңдеу үдерісін экологиялық тұрғыдан тиімді етеді, себебі оларда қауіпті заттар аз мөлшерде болады және қайта өңдеу үшін пирометаллургияға қарағанда гидрометаллургиялық әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Ресурстарды тиімді пайдаланумен қатар, қайта өңдеу тікелей экологиялық пайда әкеледі. Мысалы, LMO типті литий-ионды аккумулятордың өмірлік цикліндегі GHG шығарындылары бастапқы шикізат орнына қайта өңделген катод, алюминий және мыс қолданылған жағдайда 50%-ға дейін азаюы мүмкін (Dunn et al., 2012). Литий-ионды аккумуляторларда қолданылатын әртүрлі катодтық материалдардың металлдық құрамының айтарлықтай өзгеретінін көрсетеді: LiCoO₂ жүйелерінде кобальттың массалық үлесі өте жоғары болса, NCM типті материалдарда никель мен марганецтің үлесі басым. Бұл деректер катод химиясының эволюциясын, яғни кобальтқа тәуелділікті

азайтып, никельге бай, экологиялық қауіпі төмен жүйелерге көшу үрдісін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, литийдің үлесі барлық материалдарда шамамен тұрақты деңгейде сақталып, қайта өңдеу стратегияларын жоспарлауда маңызды параметр болып табылады.

Өмірлік циклді бағалау (LCA) нәтижелері пирометаллургия және гидрометаллургия арқылы өндірілген батарея материалдарын бастапқы шикізатпен салыстырғанда, пирометаллургиялық өндірістің электр энергиясын көбірек тұтынатынын, сондай-ақ өте ұсақ қатты бөлшектер (PM2.5) және органикалық ұшпа қосылыстар (VOC) шығарындыларын гидрометаллургияға қарағанда екі есе көп бөлетінін көрсетеді (Arambarri et al., 2019).

Батарея жүйелерінің өмірлік циклін және экологиялық әсерін бағалауда аса маңызды параметр батареядағы материалдардың химиялық формасы. Әдетте Ni, Co, Cd, Mn, Zn сияқты элементтердің уыттылығы олардың қоршаған ортада оңай миграциялануымен байланысты қарастырылады. Алайда батарея өндірушілері химиялық құрамды жиі өзгертіп отырады, бұл қалпына келтірілген материалдарды жаңа жүйелерге енгізуді қиындатады. Мысалы, Ni-Cd батареяларында қолданылатын негізгі қосылыс нашар еритін кадмий оксиді, бірақ токсикологиялық әдебиеттерде көбіне жоғары еритін кадмий хлориді негізге алынады. Сол сияқты, пайдаланылған LIBs құрамындағы MnO_2 және Mn_3O_4 (марганец), $ZnMn_2O_4$ (мырыш), $LiNiO_2$ (никель) фазалары қалыпты температура мен қысымда оңай ерімейді, сондықтан олардың экологиялық әсерін бағалауда бұл фактор міндетті түрде ескерілуі тиіс.

Литий-ионды аккумуляторлардың қызмет ету мерзімі әдетте 3-4 жыл, немесе орта есеппен 1000 цикл (Chen et al., 2018).

Нәтижелер мен талқылаулар. Макродеңгейдегі қайта өңдеу үдерісін талдау барысында негізгі техникалық мәселелердің бірі батарея жинақтарын, модульдерді және жеке элементтерді қауіпсіз әрі тиімді бөлшектеу екендігі анықталды. Қызмет көрсету мерзімі ішінде механикалық беріктікті қамтамасыз ету қажеттілігіне қарамастан, конструкция қайта өңдеу кезеңінде оңай ашуға мүмкіндік беретін шешімдерді де қарастыруы тиіс.

Зерттеу нәтижелері батареяларды бөлшектеу кезінде металл құралдарды қолдану қысқа тұйықталу қаупін арттыратынын және ішкі компоненттердің қызуы мен тұтануына әкелуі мүмкін екенін көрсетті. Сондықтан қайта өңдеу үдерісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін электр өткізбейтін құралдар мен арнайы бөлшектеу технологияларын қолдану ұсынылады. Бұл мәселе әсіресе өнеркәсіпте кеңінен пайдаланылатын призматикалық және цилиндрлік литий-ионды элементтер үшін өзекті болып табылады, себебі олардың конструкциялық ерекшеліктері бөлшектеу кезінде қосымша қауіпсіздік шараларын талап етеді. Көптеген зерттеу топтары модульдер мен батарея жинақтарын бөлшектеу жұмыстарын ақылды роботтар арқылы орындау қажет деген пікірде. Мұны жинақ деңгейінде жүзеге асыруға болады, бірақ әртүрлі жинақ конструкциялары, бекіткіштер мен желімдердің көптігі бұл процесті қиындатады. Жинақтардың пішіндері мен конфигурациялары өндірушілер арасында ғана емес, бір

өндірушінің өз модельдерінде де айтарлықтай өзгереді. Элементтің форматына карамастан, әдетте бірнеше элемент модульге біріктіріледі, бірақ элемент саны мен тізбектей/параллель қосылу конфигурациялары өте әртүрлі. Көп жағдайда модуль ішіндегі элементтер бір-біріне тұрақты түрде бекітіледі және техникалық қызмет көрсету кезінде бөлшектеуге арналмаған. Жалпы алғанда, қызмет көрсету немесе бөлшектеу тұрғысынан алғанда, тоғыз түрлі біріктіру технологиясы анықталған, олардың барлығы тұрақты қосылу әдістері болып табылады, сондықтан оларды ажырату көбіне деструктивті процесс болуы мүмкін.

Модульдер арасындағы қосылыстар әдетте қызмет көрсетуге ыңғайлырақ және бұрандалы немесе моментпен тартылатын қосылыстарды, сондай-ақ арнайы механикалық қысу арқылы бекітілетін push-fit типті қосылыстарды қолдануы мүмкін. Мұндай қосылыстардың қайталанатын сенімділігі модульдерді қызмет көрсету кезінде оңай ауыстыруға және өмірлік цикл соңында бөлшектеуді жеңілдетуге мүмкіндік береді. Элемент деңгейінде стандарттау әлдеқайда қиын, себебі цилиндрлік, rouch және призматикалық элементтер кеңінен қолданылады. Жақында жүргізілген зерттеулерде электродтар арасындағы полимерлі сепараторды элементтің белсенді компоненттерін ажырату әдісі ретінде қолдануға болатыны көрсетілді. Li және әріптестері жасаған құрылғы вакуумды конвейер, қысқыштар және бірнеше скримерлер арқылы анодты, катодты және сепараторды ажыратуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған ЛИА-ны қайта өңдеу нәтижесінде алынатын өнімдер. Батареяларды қайта өңдеу процесінің соңғы кезеңінде пайдаланылған ЛИА құрамындағы металл құндылықтары қорытпалар, шлактар, ерітінділер және тұнбалар сияқты басқа заттарға айналады. Мысалы, пирометаллургиялық өңдеуден кейін литий, алюминий және темірдің бір бөлігі шлаққа өтеді, ал бұл шлақ бетон өндірісінде пайдалы толтырғыш ретінде қолданылуы мүмкін; ал мыс, кобальт, никель және темірдің бір бөлігінен тұратын қорытпа кейіннен бөлініп, тазартылып, қайта қолдануға жарамды таза металдарға айналады.

Гидрометаллургиялық процесте шаймалау кезеңінен кейін құрамында әртүрлі иондар бар ерітінді алынады, оны металдар, химиялық реагенттер, жаңа электрод материалдары және басқа функционалдық материалдар сияқты құнды өнімдерге өңдеуге болады.

Металдар және химиялық заттар. Әдетте таза металдар шаймалау ерітіндісінен электрохимиялық тұндыру арқылы алынады. Мысалы, ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдаланылған ұялы телефон батареяларынан таза кобальтты электрохимиялық әдіспен және $\text{Li-Co}_x\text{Ni}_{1-x}\text{O}_2$ қалдық материалынан таза никельді электролиз арқылы бөліп алған. Электрохимиялық шаймалау және кейінгі электролиз арқылы 99.2% кобальт, 99.5% мыс және 96% электролиттік марганец диоксидін (EMD) өндіргені жайлы мақалаларда мәліметтер кездеседі. Қалдық LiCoO_2 шаймалау ерітіндісінен 99.5% тазалықтағы кобальтты электролиз арқылы қалпына келтірген. Алынған металдар кейін қорытпа жасауға немесе химиялық шикізат ретінде өңдеуге жіберіледі.

Пайдаланылған ЛИА-дан химиялық шикізат алу үшін тиімді тәсіл шаймалау

ерітіндісінен тікелей жоғары тазалықтағы, жоғары қосылған құны бар химиялық қосылыстарды синтездеу. Қазіргі зерттеулер таза металдарды алудан гөрі әртүрлі қосылыстарды тікелей синтездеуге көбірек бағытталған. Мысалы, алынатын қосылыстар:

Кобальт қосылыстары: $\text{CoC}_2\text{O}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$, $\text{Co}(\text{OH})_2$, $\text{Co}_2\text{O}_3 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$, CoCO_3 , $\text{Co}_2(\text{PO}_4)_2$, $\text{CoSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$.

Никель қосылыстары: $\text{Ni}(\text{OH})_2$, NiCl_2 , $\text{NiSO}_4 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$.

Литий қосылыстары: Li_2CO_3 , Li_3PO_4 .

Басқа өнімдер: CuSO_4 , MnO_2 , $\text{MnSO}_4 \cdot \text{H}_2\text{O}$, FeCl_3 , Ni–Co–Mn гидроксидтері.

Бұл химиялық заттардың көпшілігі жоғары тазалыққа ие және қосымша тазартуды қажет етпей-ақ жаңа материалдар өндірісінде шикізат ретінде қолданылуы мүмкін.

Электрод материалдары. Жоғарыда айтылғандай, пайдаланылған ЛИА-ның катод материалдарындағы литий, кобальт, никель, марганец, темір сияқты металдарды қайта өңдеу арқылы жоғары тазалықта қалпына келтіруге болады. Соңғы жылдары көптеген ауыспалы валентті металл оксидтері ЛИА үшін әлеуетті анод материалдары ретінде де қарастырылуда. Сондықтан пайдаланылған ЛИА-дан қалпына келтірілген металл құндылықтары жаңа электрод материалдарын синтездеуге арналған маңызды шикізат көзі бола алады.

Микродеңгейдегі қайта өңдеу мәселелері. Электролиттен, сепаратордан және қаптамадан бөлінгеннен кейін, құрамында негізгі құндылық шоғырланған электрод материалдарын олардың жеке компоненттеріне ажырату қажет. Қайта өңдеудегі негізгі кедергі — ток жинағыш пен белсенді материал арасындағы интерфейсті ажырату. Байланыстырғыштың (binder) маңыздылығы көбіне ескерілмейді. Мұнда екі түрлі бұзылу механизмі бар:

1. Ток жинағыш пен белсенді материал арасындағы адгезиялық байланысты бұзу;
2. белсенді бөлшектер арасындағы когезиялық байланысты бұзу.

Органикалық еріткіштер байланыстырғышты еріту үшін лиганд ретінде қолданылуы мүмкін, ал сілтілік лигандтар алюминийді ойып (etching) жібереді. Сулы тотықтырғыш қышқылдар мыс пен алюминийді тотықтырып, металл оксидтерін де еріте алады. Ток жинағыш материалдарының ойылуы кейінгі өңдеу сатыларында қиындық тудырады, себебі металл оксидтерінің мыс немесе алюминиймен ластануы қайта қалпына келтірілген катод материалдарының өнімділігіне кері әсер етеді.

Алайда суға еритін қоспаларды дұрыс таңдау және бөлу процесін оңтайландыру жасыл еріткіштерді қолдана отырып, жақсы бөлінген және таза қалдық ағындарын алуға мүмкіндік береді. Мұндай бөлу әдістерімен анод пен катодты қысқа циклді қайта өңдеу мүмкін. Сулы жүйелерде графитті қайта өңдеп, оңай қайта қолдануға болады, бірақ катод материалын қайта пайдаланар алдында көбіне релитация (қайта литиймен қанықтыру) немесе «сауықтыру» қадамы қажет, әйтпесе оның меншікті сыйымдылығы жеткіліксіз болады.

Қосымша жеңілдету ретінде ток жинағыш пен белсенді материал арасында

байланыстырғышты қажет етпейтін жаңа электрод конструкцияларын қарастыруға болады. Бұл жаңа идея емес: бастапқы сілтілік цилиндрлік батареялар мұны ұзақ уақыттан бері қолданып келеді және электрод ретінде ток жинағыштарға тығыздалған белсенді ұнтақтарды пайдаланады. Алайда бұл тәсіл әлі литий-ионды жүйелерге енгізілмеген және болашақ зерттеулер үшін перспективалы бағыт болуы мүмкін.

Қорытынды мен ұсыныстар. Электр көліктерінің өндірісінің айтарлықтай артуы жақын болашақта көптеген пайдаланылған литий-ионды аккумуляторлардың (ЛИА) пайда болуына әкеледі. Оларды дұрыс қайта өңдеу өте маңызды, өйткені олардың құрамында бағалы металдар мен зиянды заттар бар. Пайдаланылған ЛИА-дан металл құндылықтарын қалпына келтіруге бағытталған көптеген қайта өңдеу процестері әзірленді, олардың кейбірі тіпті өнеркәсіптік деңгейде жүзеге асырылуда.

Идеал қайта өңдеу процесі пайдаланылған ЛИА-ның барлық компоненттерін төмен энергия шығынымен және қоршаған ортаны ластамай қалпына келтіруге қабілетті болуы тиіс. Қазіргі уақытта мұндай талаптарға сәйкес келетін технологиялар бойынша белгілі бір ғылыми жетістіктер бар. Алайда ЛИА құрамындағы материалдардың әртүрлілігіне байланысты олардың барлығы күрделі өңдеу сатыларын немесе қымбат реагенттерді қажет етеді. Сондықтан анағұрлым тиімді қайта өңдеу технологияларын дамыту үшін әлі де көп күш жұмсау қажет.

Сонымен қатар, ЛИА қайта өңдеу индустриясы бірнеше басқа қиындықтарға да тап болады. Біріншіден, қорғасын-қышқылды аккумуляторлардан айырмашылығы, ЛИА технологиясы мен химиясы үнемі өзгеріп отырады, ал қайта өңдеу технологиялары бұл өзгерістерге ілесе алмай келеді. Мысалы, егер катодтар кобальтсыз материалдардан жасалса, пирометаллургиялық процесс экономикалық тұрғыдан тиімсіз болуы мүмкін.

Екіншіден, ЛИА қайта өңдеу индустриясы дамыған сайын қайта өңдеу ағынында аккумулятор түрлерінің араласуы мәселесі туындауы мүмкін. Мысалы, кейбір шағын электр көліктері немесе электр велосипедтері үшін ЛИА мен қорғасын-қышқылды аккумуляторлар геометриялық жағынан өзара алмастырылатын етіп жасалуы мүмкін. Бұл ЛИА-ның қорғасын балқыту пештеріне қате жіберілуіне әкеліп, өрт, жарылыс және ластану қаупін тудырады.

Үшіншіден, ЛИА қайта өңдеуге қатысты толыққанды заңдар, ережелер және стандарттар жүйесі жоқ. Мұндай жүйе қайта өңдеу процесін стандарттап, пайдаланылған ЛИА-ны қауіпсіз жинауды, тасымалдауды және өңдеуді қамтамасыз етер еді.

References

- Aaltonen M., Peng C., Wilson B.P., Lundström M. (2017). Leaching of metals from spent lithium-ion batteries. *Recycling*. – No. 2(4). – P. 20. DOI:10.3390/recycling2040020 (in Eng.).
- Arambarri J., Hayden J., Elkurdy M., Meyers B., Hamatth Z.S.A., Abbassi B., Omar W. (2019). Lithium-ion car batteries: Present analysis and future predictions. *Environmental Engineering Research*. – No. 24(4). – P. 699-710. DOI:10.4491/eer.2018.383 (in Eng.).

Chen W.S., Ho H.J. (2018). Recovery of valuable metals from lithium-ion batteries NMC cathode waste materials by hydrometallurgical methods. *Metals*. – No. 8(5). – P. 321. DOI:10.3390/met8050321 (in Eng.).

Corbus D., & Hammel C.J. (1995). Current status of environmental, health, and safety issues of lithium polymer electric vehicle batteries (No. NREL/TP-463-7540). National Renewable Energy Lab., Golden, CO (United States). (in Eng.).

Dunn J.B., Gaines L., Kelly J.C., Gallagher K.G. (2016). Life cycle analysis summary for automotive lithiumion battery production and recycling. *REWAS 2016: Towards Materials Resource Sustainability*. – P. 73-79. DOI:10.1002/9781119275039.ch11 (in Eng.).

Ellis T.W., Mirza A.H. (2014). Battery recycling: defining the market and identifying the technology required to keep high value materials in the economy and out of the waste dump. *Research Gate*. – P. 1188-1204. (in Eng.).

Idrees, M., Liu, L., Batool, S., Luo, H., Liang, J., Xu, B., Kong, J. (2019). Cobalt-doping enhancing electrochemical performance of silicon/carbon nanocomposite as highly efficient anode materials in lithium-ion batteries. *Engineered Science*. – No. 6(5). – P. 64-76. DOI: 10.30919/es8d798 (in Eng.).

Kaya M. (2022). Lityum İyon Pil Geri Dönüşüm Teknolojileri. *Circular Economy*. – No. 1(2). DOI:10.1016/j.ccc.2022.100015 (in Eng.).

Kushnir D. (2015). Lithium-ion battery recycling technology 2015. Current state and future prospects. – P. 1-56. (in Eng.).

Labbé J.F., Daw G. (2012). Panorama 2011 du marché du lithium (Doctoral dissertation, Bureau de recherches géologiques et minières [BRGM]; Centre d'Economie de la Sorbonne. <https://shs.hal.science/halshs-00809298v1> (in Eng.).

Lim, M. K., Lai, M., Wang, C., & Lee, Y. (2022). Circular economy to ensure production operational sustainability: A green-lean approach. *Sustainable Production and Consumption*. – No. 30. – P. 130-144. DOI:10.1016/j.spc.2021.12.001 (in Eng.).

Lin J., Li L., Fan E., Liu C., Zhang X., Cao H., Chen R. (2020). Conversion mechanisms of selective extraction of lithium from spent lithium-ion batteries by sulfation roasting. *ACS applied materials & interfaces*. – No. 12(16). – P. 18482-18489. DOI: 10.1021/acsami.0c00420 (in Eng.).

Pillot C. (2017). The rechargeable battery market and main trends 2016–2025. In *Proceedings of the 33rd Annual International Battery Seminar & Exhibit*, Fort Lauderdale, FL, USA. – Vol. 20. – P. 1-45. (in Eng.).

Rantho M.N. (2017). Synthesis and characterization of vanadium disulfide nanosheets and carbonized iron cations adsorbed onto polyaniline for high-performance supercapacitor applications. University of Pretoria (South Africa). (in Eng.).

Saloojee F., Lloyd J. (2015). Lithium battery recycling process. Department of Environmental Affairs Development Bank of South Africa (Project No. DB-074 (RW1/1016)). – No. 27(0). (in Eng.).

Shakoor N., Adeel M., Ahmad M.A., Zain M., Waheed U., Javaid R.A., Rui Y. (2023). *Environmental Science and Ecotechnology*. DOI: 10.1016/j.ese.2023.100252 (in Eng.).

Thompson D.L., Hartley J.M., Lambert S.M., Shiref M., Harper G.D., Kendrick E., Abbott A.P. (2020). Cutting-edge research for a greener sustainable future. *Green Chem*. – No. 22. – P. 7571-7581. DOI:10.1039/D0GC01831G (in Eng.).

Tong H., Zhou Q., Zhang B., Wang X., & Yao Y. (2019). A novel core-shell structured nickel-rich layered cathode material for high-energy lithium-ion batteries. *Engineered Science*. – No. 8(5). – P. 25-32. DOI: 10.30919/es8d502 (in Eng.).

Vega-Muratalla V.O., Ramírez-Márquez C., Lira-Barragán L.F., Ponce-Ortega J.M. (2024). Review of lithium as a strategic resource for electric vehicle battery production: Availability, extraction, and future prospects. *Resources*. – No. 13(11). – P. 148. DOI: 10.3390/resources13110148 (in Eng.).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)

<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

Managing Editor: T. Apendiev
Editors: D.S. Alenov, A. Shormakova
Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 22, 2026
Format: 70×90 1/16. 24.5 printed sheets. Order No. 2.

*«Central Asian Academic Research Center» LLP
Almaty, Shevchenko Street, 28*